

Тасқараева К.А

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯСЫ»
пәнінен практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулық**

Шымкент, 2022 ж.

ӘОЖ 338: 91
КБЖ 65.04

Тасқараева Қ.А. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы./
Әдістемелік нұсқаулық. - Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университеті, 2022ж

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәні бойынша жоғары оқу
орындарының бағдарламасына сәйкес құрылып, дәрістік және практикалық оқу
материалдарын толық игеруге арналған тапсырмаларды қамтиды.

Әдістемелік нұсқаулық оқу жоспары мен «Қазақстанның экономикалық және
әлеуметтік географиясы» пәнінің оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылып,
пәнді меңгеру бойынша қажетті мәліметтерден құралады.

Кіріспе

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы халықтың тұрмыс-жағдайларын, халыққа қызмет көрсету салаларының дамуын және халық шаруашылығының салалық құрамын зерттейді. Сонымен қатар, халық пен табиғи ортаның өзара әсерін қарастырып, қоғамдық еңбек өнімділігінің артуына және табиғат ресурстарын қорғауға өз ықпалын тигізеді.

Табиғатты қорғау мүмкіндіктерін ескере отырып, түрлі кәсіпорындарды дұрыс орналастыру, елді мекендер мен демалу аймақтарын жақсы жоспарлау - халықтың тұрмысын жақсартып, сонымен бірге қаржыны, уақытты және еңбекті көп мөлшерде үнемдейді.

Қазақстан территориясында экономикалық орталықтарының пайда болуы мен аймақтық өндірістік кешендерінің қалыптасуы еліміздің экономикалық-әлеуметтік және мәдени дамуына мүмкіндіктер туғызады. Осындай ерекшеліктерді толығымен меңгеру үшін экономикалық және әлеуметтік географияның ролі ерекше болып отыр.

Қазақстан республикасы- Евразия материгінің орталығында орналасып, солтүстігінде, солтүстік-батысы және солтүстік- шығысында Ресей Федерациясымен, оңтүстігі мен оңтүстік-батысында Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен, ал оңтүстік- шығысында Қытай Халық Республикасымен шектеседі.

Республика территориясы батыста Волга өзенінің төменгі ағысынан Алтай тауының етегіне дейін 3000 км-ге, ал солтүстігінде Батыс Сібір жазығынан оңтүстіктегі Тянь-Шань жоталарына дейін 1600 км-ге дейін созылып жатыр. Жерінің ауданы -2,7 млн км²-қа жетеді, территориясы жөнінен ТМД елдерінде 2-орын, ал дүниежүзі бойынша 9-орынды алады.

Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15 000км ден астам, оның 12000 км құрлықпен, ал 3000км Арал және Каспий теңіздері арқылы өтеді. Қазақстанның астанасы Астана қаласы (1998ж 10 маусым), халқы 2021 жылғы 3 тамыздағы мәліметтер бойынша 19 млн адам. 1991ж дербес мемлекет мәртебесіне ие болып,өзінің ата заңын қабылдады. Республиканы Президент басқарады,1992 жылы БҰҰ мүшелігіне қабылданды. Қазіргі таңда дүниежүзінің жүзден астам елдері Қазақстанның тәуелсіздігін танып, достық қарым- қатынас орнатқан.

Пәннің мақсаты мен міндеті

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» курсының мақсаты студенттерге республиканың экономикалық және әлеуметтік географиясынан, яғни оның табиғат байлықтарын шаруашылықты дамыту тұрғысында экономикалық бағалай білу шаруашылық салаларының орналасу ерекшелігі және олардың даму жолы, экономикалық аудандардың даму ерекшеліктері, басқа елдермен экономикалық байланысы жайлы терең және жүйелі білім беру. Қазақстан географияның басқа курстарында оқып үйренуге қажетті, экономикалық географиялық түсініктерді қалыптастыруды қамтамасыз ету. Сонымен бірге студенттердің өз отаны – Тәуелсіз Қазақстанға деген сүйіспеншілігі, бүкіл халықтарына деген интернационалдық сезімдерін тәрбиелеу болып табылады.

Міндеті – Қазақстанның әртүрлі бөліктерінің табиғи, тарихи және экономикалық айырмашылықтарына негізделініп, территориялық еңбек бөлінісінің нәтижесінде қалыптасатын республика ішіндегі экономикалық аудандардың құрамы, шаруашылық салаларының мамандануы жайлы білім беру.

Практикалық жұмыс №1

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық бөлінуі, географиялық орны. Табиғат жағдайлары мен ресурстарына экономикалық баға беру. Пайдалы қазбалары

Жұмыстың мақсаты: ҚР-ның географиялық орнына сипаттама бере отырып табиғат жағдайларын мен ресурстарына экономикалық баға беру

Практикалық жұмыстың мазмұны: Қазақстан өзінің геосаяси орнын ерекше пайдала отырып, жер бедері жағынан жазық және ойпатты елге жатады, яғни территориялық 10 пайызын таулар, 90 пайызын жазықтар алып жатыр. Республика халық шаруашылығының көптеген салаларының мамандануы мен дамуына ең алдымен оның физико-географиялық орны айтарлықтай әсер етеді. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан өте тиімді жағдайда деп айтуға болмайды, себебі су тапшылығы өңдеуші өнеркәсіптің бірқатар салаларын, соның ішінде түсті және қара металлургияны дамытуға теріс әсер етіп отыр.

Европа мен Азияның аралығында орналасқан Қазақстан территориясы саудасаттық және байланыс буыны ретінде қызмет атқарып, өз экономикасының әрі қарай дамуына мүмкіндіктерді пайдаланып келеді.

Өтілу түрі: талдау және картографиялық сызба әдісі

Тапсырмалар:

1. Кескін картаға:
 - а) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын, көршілес жатқан мемлекеттерді көрсету;
 - б) облыс орталықтары мен шекараларын белгілеу;
 - в) республикалық маңызы бар 3 қаланы көрсету;
2. 1-кестенің мәліметтерін қолдана отырып, ҚР әкімшілік- территориялық бөлінуіне сипаттама беріндер;

Бақылау сұрақтары:

1. ҚР-ның дүниежүзілік саяси картадағы орны және экономика-географиялық жағдайын бағалау;
2. Экономикалық географиялық жағдайдың қазіргі және келешектегі даму өзгерістері;
3. Қазақстанның заң жүйелері және олардың қазіргі орындалуы;
4. Қазақстанның оқу-ағарту ісі, оқу процесіндегі жаңа реформалар;
5. Қазақстанның қоғамдық құрылысы мен саясаты;

1-кесте. ҚР әкімшілік-территориялық бөлінуі

№	облыстар	саны		
		аудандар	қалалар	аймақ және поселкелер
1.	Абай			
2.	Ақмола	14	8	196
3.	Ақтөбе	12	7	115
4.	Алматы	16	10	264
5.	Атырау	7	1	85
6.	Шығыс Қазақстан	15	10	290

7.	Жамбыл	10	4	102
8.	Жетісу			
9.	Батыс Қазақстан	12	2	159
10	Қарағанды	9	10	210
11	Қызылорда	7	4	89
12	Қостанай	16	5	291
13	Маңғыстау	4	3	31
14	Павлодар	10	3	182
15	Солтүстік Қазақстан	16	8	312
16	Оңтүстік Қазақстан	12	8	187
17	Ұлытау			
Республика бойынша		160	84	2423

Бақылау сұрақтары:

ҚР-ның дүниежүзілік саяси картадағы орны және экономика-географиялық жағдайын бағалау;

Экономикалық географиялық жағдайдың қазіргі және келешектегі даму өзгерістері;

Қазақстанның заң жүйелері және олардың қазіргі орындалуы;

Қазақстанның оқу-ағарту ісі, оқу процесіндегі жаңа реформалар;

Қазақстанның қоғамдық құрылысы мен саясаты;

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі;

Табиғат жағдайлары мен ресурстарына экономикалық баға беру;

Пайдалы қазбалардың таралу ерекшеліктері;

ҚР-ның экономика- географиялық жағдайының ауданаралық , транзиттік байланыстардың дамуындағы ролі.

Әдебиеттер

1. Ердавлетов С.Р. Учебное пособие по курсу «Экономическая и социальная география», Алматы. 2011
2. Экономическая география СССР. Под редак. И.В.Никольского и А.Т.Хрущева, МГУ, 2005.
3. Хрущев А.Т. География промышленности СССР. Мысль , 1987.
4. Ахмедова К. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Алматы, 2014.

Практикалық жұмыс №2

Тақырыбы: Қазақстанның еңбек ресурстары мен халқы
Халықтың құрамы және демографиялық жағдайы

Жұмыстың мақсаты: Қазақстанның халқы, жастық және жыныстық құрамы, ұлттық құрамы, әлеуметтік жағдайы, территория бойынша орналасу ерекшелігі, тығыздығын талдау

Практикалық жұмыстың мазмұны: Халық еңбек қорын қалыптастырушы болғандықтан оның санын, өсіп өнуін, жастық және жыныстық құрылымын, халықтың географиялық орналасуын, тығыздығын зерттеу маңызды орын алады. Зерттеген демографиялық деректер өндірістің мамандануына, халық шаруашылығының аймақтық кешендерінің қалыптасуына және экономикалық дамуына үлкен әсер етеді. Қазақстан шаруашылығының дамуымен қатар, халықтың мәдени және тұрмыстық қажеті, оның денсаулығын қорғау мүмкіндігі артады. Сондықтан кез-келген мемлекеттің экономикалық дамып, әлеуметтік толық қамтамасыз етілген ел болуы үшін, ең алдымен халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту қажет

Өтілу түрі: талдау және картографиялық сызба әдісі

Тапсырма:

1. 2- кесте бойынша Қазақстандағы туу және өлу коэффициенттері бойынша табиғи өсімді есептеу және осы мәліметтерді қолданып, бағаналық диаграмма құрастыру;
2. 3-кесте бойынша қала және ауыл халқының %- тік үлестерін есептеу;
3. 3- кесте бойынша облыстар бойынша халықтың орташа тығыздығын есептеу:

$$\text{тығыздығы} = \frac{\text{халықтың саны}}{\text{териториясы}};$$

4. Кескін картаға Қазақстандағы халықтың тығыздық картасын түсіру;
5. Халықтың санына қарай Қазақстан қалаларын жіктеп, *пунсондық* белгілермен оларды кескін картаға түсіру.

2-кесте. ҚР халқының тууы және өлімнің жалпы коэффициенттері (1.01.2019ж)

Облыстар	Туу	Өлім	Табиғи өсім
Қазақстан Республикасы	14,7	10,1	
Ақмола	12,7	11,1	
Ақтөбе	14,4	9,4	
Алматы	14,7	8,9	
Атырау	19,4	9,3	
Шығыс Қазақстан	11,3	12,5	
Жамбыл	17,1	9	
Батыс Қазақстан	14	10	
Қарағанды	15,4	10,8	
Қызылорда	22,1	7,8	
Қостанай	11,4	10,8	
Маңғыстау	19,8	7,5	
Павлодар	11,3	10,6	
Солтүстік Қазақстан	11,6	11,7	
Оңтүстік Қазақстан	23	7,4	

3-кесте. Қазақстанның территориясы, халқы, тығыздығы. (1.01.2019ж)

Облыстар	Территориясы (мың км ²)	Халық саны (мың адам)	Соның ішінде		Халықтың жалпы санындағы үлесі		Халық тығыздығы 1 км ² адам
			Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	
ҚР	2717,3	15641,9	8625,4	7017,5			
Ақмола	121,7	877,5	84,6	392,9			
Ақтөбе	300,6	724,3	390,3	334			
Алматы	224	1631,7	493,8	1137,9			
Атырау	118,6	455,9	265,8	190,1			
Шығыс Қазақстан	283,3	1632,7	937,6	695,1			
Жамбыл	144,3	1002,4	457,4	545			
Батыс Қазақстан	151,3	647,6	267,7	379,9			
Қарағанды	428	1536,7	1265,6	271,1			
Қызылорда	226	614,9	366,6	248,3			
Қостанай	196	119,6	571,6	548			
Маңғыстау	165,6	346,4	278	68,4			
Павлодар	124,8	873,9	548,3	325,6			
Солтүстік Қазақстан	123,2	1141,7	487,7	627			
Оңтүстік Қазақстан	117,3	2002,2	748	1254,2			

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанның халық саны, оның өзгеруі және оған әсер етуші факторлар;
2. Қазақстан Республикасы халқының ұдайы өсуін анықтау;
3. Қазақстанның демографиялық саясаты және оның жүзеге асырылуы;
4. Қазақстан халқының ұлттық, жасты жыныстық құрамы. Ауыл және қала халқы;
5. Қазақстан Республикасындағы миграциялық процестер, миграцияның түрлері;
6. Қазақстанның халқы және еңбек ресурстары. Халықтың еңбекпен қамтылуы, жұмыссыздықпен күрес.

Әдебиеттер

1. Абдиманапов У.С., Искакова К.А. Влияние внешних миграционных процессов на формирование национального состава населения Казахстана. Вестник КазГУ, Алматы. 2019г. №2, стр 209-219
2. Голиков Н.Ф. Проблемы расселения населения Казахстана. Алматы, 2019г.
3. Демографический ежегодник Казахстана. 2018г.
4. Ердаuletов С.Р. Экономическая и социальная география Казахстана. Алматы, 2011г.
5. Малинин Г.В. Межнациональное согласие в Казахстане: проблемы, противоречия, перспективы. Алматы, 2017г.
6. Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. Алматы, 2008г.

Практикалық жұмыс №3

Тақырыбы: Қазақстанның өнеркәсіп географиясы.
Отын- энергетика кешені

Жұмыстың мақсаты: Қазақстанның өндіріс өнеркәсіптерінің орналасу географиясына байланысты салалық мамандану ерекшелігі және отын энергетика кешенінің шикізаттары және салалық құрамын талдау.

Практикалық жұмыстың мазмұны: Қазақстанның отын – энергетика ресурстарының таралу ерекшеліктеріне сипаттама бере отырып олардың номенклатуралық атауларын жаттап, кескін картада белгілеуде арнайы географиялық әдістерді пайдалану қажет. Сонымен қатар Қазақстан территориясы бойынша отын ресурстарымен қамтамасыз етілуі және оларды дамыту проблемалары қарастырылады.

Өтілу түрі: талдау және картографиялық сызба әдісі

Тапсырма:

1. Қазақстанның кескін картасына отын ресурстарының (мұнай, көмір, газ, тақтатас) кен орындарын белгілеп, олардың номенклатуралық атауларын жаттандар:

Мұнай-газ кен орындары:

1. Орал –Ембі бассейні (Доссор, Мақат, Байшұнақ, Ескене, Қосшағыл, Құлсары, Кенбай, Қамыс, Мыртыші, Кенқияқ, Жаңажол, Прорва, Теңіз, Королевское);
2. Маңғыстау мұнай –газ бассейні (Жаңажол, Өзен, Жетібай, Теңге, Тасболат);
3. Бозащы мұнай- газ бассейні (Қаражамбас, Қаламқас);
4. Қарашығанақ (мұнай- газ конденсат кен орны, Орал қаласы, Ақсай елді мекенінде 60 км);
5. Құмкөл кен орны (Қызылордадан солтүстікке қарай 202 км);

2. Мұнай және газ өңдеу орталықтарын түсіру:

1. Атырау мұнай өңдеу зауыты;
2. Павлодар мұнай өңдеу зауыты;
3. Шымкент мұнай өңдеу зауыты;
1. Қазақ газ басқармасы (Ақсай қаласы);
2. Қазақ газ өңдеу зауыты (Жаңа өзен қаласы);
3. Жаңа жол газ өңдеу зауыты;

3. ЖЭС, ГЭС, АЭС түсіру;

(ЖЭС-барлық қалаларда, ГЭС – Риддерде -2, Өскеменде-2, Талдықарғанда-1 Алматыда-2, Шардарада-1, АЭС- Ақтауда салынған);

Бaqылау сұрақтары:

1. Қазақстандағы отын-энергетика кешенінің шикізат қорымен қамтамасыз етілуі;
2. Қазақстан жер қойнауындағы отын ресурстарының геологиялық қоры;
3. Электр энергиясын өндірудің дәстүрлі емес жолдары;
4. Қазақстан шаруашылығындағы электроэнергетикасының маңызы;
5. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі және онымен айналысатын шетелдік компаниялар;
6. Отын-энергетика кешені және қоршаған орта.

Әдебиеттер

1. Вайнер И.Я. Значение газовой и нефтяной промышленности М. «Недра», 1997

2. Ердаuletov C.P. Учебное пособие по курсу «Экономическая и социальная география Казахстана» Алматы, Қазақ университеті., 2011
3. Плоткин М.Р. Основы индустриального производства ,М, В. Ш. 2014г
4. Хрущев А.Т. География промышленности, М, Мысль 2017г
5. Ахмедова К. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы, «Рауан», 2014 ж

Практикалық жұмыс №4

Тақырыбы: Қазақстанның металлургиялық кешені
Қара және түсті металдар географиясы

Жұмыстың мақсаты: Қара және түсті металлургия кешенінің шикізаттары және салалық құрылымы, даму болашағы

Практикалық жұмыстың мазмұны: Қара және түсті металлургияның Қазақстан территориясы бойынша шикізат қорларының орналасу ерекшелігі, салалық құрамы, қара және түсті металлургия кешенінің технологиялық процесстерін талдау, толық циклді және қайта өңдеу процесстері және номенклатуралық атауларын жаттау және картаға түсіру

Өтілу түрі: танымдық және картографиялық сызба әдісі

Тапсырма:

1. Қазақстанның кескін картасына қара және түсті металдардың шикізат көздері мен олардың кен орындарын белгілеңдер;
 2. Кескін картаға қара және түсті металлургия кешендерінің орталықтарын түсіру. Толық циклді қара металлургия, құбыр, прокат зауыты, бассейндер, темір, марганец, хром, никель рудаларын өндірудің орталықтарын бөліп көрсету;
 3. ҚР қара металлургиясының отын қорына, шикізатқа баға беру;
 4. Түсті металдар металлургиялық циклінің өндірістік байланыстарын сипатымен құрылымын қарастыру;
 5. Номенклатуралық атауларын жаттандар:
- I. Қара металдар кендері: темір, марганец, хром, никель.

А).Темір кен орындары:

Қостанай темір кен бассейнінде 80%жуық, Атасу руда басқармасында (Орталық Қазақстан) 20%-ке жуық темір қоры шоғырланған.

1.Қостанай темір кен бассейні:

Соколов, Козырев, Сарыбай, Қашар, Лисаков, Қоржынкөл, Аят, Алешин, Шағыркөл, Ломоносов, Елтай, Бенқалы.

2.Атасу темір-марганец бассейні:

Қаражал, (Батыс, Шығыс), Үшқатын, Үлкен Қытай, Ақшағат, Жомарт.

3. Кентөбе -Тоғай тобы:

Кентөбе, Тоғай.

Б).Марганец кен орындары:

1.Жезді тобы (Ұлытау ауданы): Жезді, Промежуточное, Найзатас, Жақсы қотыр.

2.Қаражал тобы(Атасу ауданы): Батыс Қаражал, Солтүстік Қаражал, Шығыс Қаражал, Үлкен Қытай, Керегетас, Ақшағат.

3. Үшқатын тобы:

Үшқатын, I, II, III. Жомарт, Қамыс, Арап.

В).Хром кендері:

- 1.Жарлыбұлақ тобы:(Алмаз-Жемчужина,Миллионное).
- 2.Дөң тобы: Гигант, Спорное, Спутник, Геофизик.
- 3.Жалғызғаш тобы: Қазақстанның 20 жылдығы, Қазақстанның 40 жылдығы, Молодежное.

Г). Никель кендері.

- 1.Кемпірсай бассейні: Ақтөбе облысы бәрі өңделеді. Новобуранов, Новотайкент, Батамшы, Промужеточное Шугаев, Жаңа Сазды. Қара металлургия.
- 1.Қарағанды толық циклді қара металлургия комбинаты Теміртау қаласы.
- 2.Ақтөбе феррохром зауыты.
- 3.Ақсу феррокорытпа зауыты.

II. Түсті металдар Қазақстанның басты бағалы байлықтары болып саналады және мынадай түрлерге бөлінеді:

А).Ауыр түсті металдар:мыс, қорғасын, мырыш.

1.1 Мыс кен орындары.

1. Жезқазған кен орындары;

- а) Жезқазған тобы; Милықұдық, Қосқұдық, Ақши, Айнакөл, Шайтантас.
- ә) Жартас тобы: Бектас, Сорқұдық.
- б) Жыланды тобы: Талдыбұлақ, Көпқұдық, Қарашошақ, Қыпшақбай, Сарыоба, Доңызғауыз, Итауыз, Айранбай, Күлмен.

2. Қоңырат кен орындары.

Қоңырат мыс, Шығыс Қоңырат мыс- молибден, Кеңқұдық, Қасқырқазған.

3. Саяқ тобы кен орындары.

Саяқ I,II,III,IV.

Малдыбай,Тастау, Борлы,Тесіктас, Жамбас, Миөзек, Тастыөзек.

4. Қаратас I,II,III,IV.

5. Приорск тобы.

Приор, Авангард, Октябрдің 50- жылдығы, Тастыбұлақ, Осеннее, Весеннее, Летнее.

6. Жеке кен орындары.

Ақтоғай (ст. Ақтоғай), Бозшакөл (Павлодар обл), Жезкент (Орлов), Николаев, Крючков (ст. Усть- Таловка), Жайсан, Шатыркөл (ст. Шу), Ақбастау, Құсмұрын (Аякөз ауданы), Ірісу (Ленгiрден 70 км), Көпсай (Талдықорған).

1.2 Қорғасын мырыш кен орындары.

1. Жәйрем тобы:

Жәйрем, Бестөбе, Үшқатын, Қужал, Ұзынжал, Жомарт, Қамыс,

2. Қарағайлы тобы: Қарағайлы, Алайғыр.

3. Ащысай тобы:

Мырғалымсай, Байжансай, Ақсай, Ақсоран, Аралтау, Шалқия, Қарасай.

4. Текелі тобы:

Батыс Текелі, Яблоновое, Желжота, Суықтөбе, Центральное, Тұйық, Көксу.

5. Зырян тобы: Зырян, Грехов, Малеев.

6. Ертіс тобы: Ертіс, Белоусов, Березов.

7. Лениногор тобы: Лениногор, Тишин, Юбилейно-Снегирихин, Шоқпар.

II. Жеңіл түсті металдар: алюминий, титан, магний.

- 2.1. Алюминий кен орындары: Наурызым, Қозырев, Белин, Шығыс Аят, Краснооктябрск, Құсмұрын, Аманкелді.

2.2. Титан магний кен орындары: Обухов, Қоянды, Шакаш, Құмкөл, Тобыл, Айдар- қызыл , Ақсубұлақ.

III. Асыл түсті кен орындары: алтын, күміс.

Асыл қара металдар: платиноидтар.

3.1. «Қазалтын» комбинаты Жолымбет елді мекені.

Жолымбет, Бестөбе, Ақсу, Ақбейіт, Васильков, Байлыүсті, Ешкіөлмес.

3.2. «Майқайын алтын» комбинаты Майқайын елді мекені.

Майқайын, Сувенир, Төртқұдық

Жанғабыл, Жусалы, Миөзек, Құсмұрын, Ақбастау т.б.

3.3. «Алтай алтын» комбинаты Семей қаласы:

Арқарлы, Бақыршақ, Тасқора, Ақбақай, Боко, Октябрь, Миялы, Промежуточное.

Платиноидтардың аздаған жеке кен орындары платина, осмий, палладий т.б.

Бетпақдалада, Солтүстік Балқаш маңында, Солтүстік Қазақстанда және Алтайда бар.

IV. Ауыр балқитын металдар: тантал, ванадий.

4.1. Вольфрам- молибден кен орындары:

Жоғарғы Қайрақты	Қатпар
Көктенкөл	Нураталды
Ақмая	Ақшатау
Байназар	Бұғыты
Батыстау	Шығыс Қоңырат
Қараоба	Жанет
Бибігүл	Шалқия

4.2. Титан, ванадий-қалайы кен орындары.

Белогор	Шындағатай
Асубұлақ	Қалғұты
Оба	Жоғарғы Баймырза
Қараш	Бакен.

V. Кіші топтағы түсті металл кендері:

Кадмий, галлий, индий, мышьяк, рений, сурьма, германий, висмут, сынап және т.б. Қазақстанда мұндай металдар кейде жеке кен орындарын құрайды.

Мышьяк- алтын рудасы кен орнында, висмут барлық полиметалл және мыс, сирек металдар кен орындарында болады.

Германий- темір рудасының құрамына кіреді (Қаражал тобы) және қорғасын- мырыш рудаларында кездеседі (Ащысай тобы).

Торғай бассейніндегі көмір қабаты;

Галлий- жезді марганец кені.

Скандий- вольфрам кенінде (Жезқазған, Қоңырат) болады.

Сынап Аралтөбе кен орнында, Торғай, Салқынтөбе, Жәйрем полиметалл кен орнында.

Краснооктябрь кен орнында, Аманкелді тобы боксит кен орнында кездеседі.

Сурьманың Ертіс, Текелі, Сокольный, Белоусов полиметалл кен орындарында көп қоры бар.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанның металлургиялық кешені және олардың орналасу ерекшеліктері мен келешектегі даму мәселелері;
2. Толық циклді және қайта өңдеу металлургиялық орталықтарды анықтап, олардың шикізат көздеріне сипаттама беріңдер;
3. Түсті металлургияның салалық құрамын анықтап, олардың орталықтары мен кәсіпорындарына сипаттама беріңдер.

Әдебиеттер

1. Вайнер И.Я. Значение газовой и нефтяной промышленности М. «Недра», 1997
2. Ердаuletов С.Р. Учебное пособие по курсу «Экономическая и социальная география Казахстана» Алматы, Қазақ университеті., 2011
3. Плоткин М.Р. Основы индустриального производства ,М, В. Ш. 2014г
4. Хрущев А.Т. География промышленности, М, Мысль 2017г
5. Ахмедова К. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы, «Рауан», 2014 ж

Практикалық жұмыс №5

Тақырыбы: Қазақстанның машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі

Жұмыстың мақсаты: Қазақстанда машина жасаудың саласының қалыптасуы ерекшелігі және еліміз экономикасында алатын орны. Салалық құрамы, кәсіпорындардың орналасу ерекшелігі.

Практикалық жұмыстың мазмұны: Машина жасау кешені әрбір мемлекеттің даму деңгейін анықтай отырып, жоғары дамыған жаңа технологияны қажет етеді.

Қазақстанның машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі II дүние жүзі соғыс жылдарында қалыптасып, қазіргі кезде төмендегідей салаларға маманданған:

1. Тау-кен машиналарын жасау;
2. Ауыр машина жасау;
3. Ауыл шаруашылық машиналарын жасау;
4. Тұрмысқа қажетті машиналар жасау;

Металды қажет етуі жөнінен машина жасау салаларының өзіндік айырмашылықтары бар. Металды көп қажет ететін машиналарға кен комбайндары, экскаваторлар, қуатты самосволдар, әртүрлі трансформаторлар жатса, мұндай заводтар көбіне шикізат көздеріне жақын орналастырылады.

Өтілу түрі: талдау және картографиялық сызба әдісі

Тапсырма:

1. Кескін картаға ҚР машина жасау орталықтарын белгілеу;
2. Кескін картаға металдық шикізаттардың кен орындары мен оларды өңдеу орталықтарын көрсетіндер;
3. Машина жасау кешенінің номенклатуралық атауларын жаттаңдар:

Машина жасау:

Ауыр:

1. Алматы ауыр машина жасау зауыты.
2. Қарағанды тау-кен шахталақ құрал- жабдықтар зауыты.
3. Өскемен «Востокмаш» зауыты.
4. Атырау Петров атындағы машина жасау зауыты.
5. Қалқаман зауыты.
6. Кентау экскаватор зауыты.
7. Шымкент пресс-автомат зауыты.
8. Петропавл ауыр машина жасау зауыты.
- Ауылшаруашылық: 1. Астана «Қазауылмаш» зауыты.
2. Павлодар трактор зауыты.
3. Ақтөбе «Ақтөбеауылмаш» зауыты.
4. Петропавл «Петропавлмаш» зауыты.

Электротехника:

1. Ақтөбе «Ақтөберентген» зауыты.
2. Алматы электротехника зауыты.
3. Алматы электромеханикалық зауыты.
4. Алматы «Электроприбор» зауыты.
5. Өскемен конденсатор зауыты.
6. Өскемен прибор (құрал-жабдық) зауыты.
7. Семей «Қазақкабель» зауыты.
8. Талдықорған аккумулятор зауыты.
9. Кентау трансформатор зауыты.
10. Шымкент «Электроаппарат» зауыты.

Әртүрлі:

1. Көкшетау таразы, өлшеуіш аппараттар зауыты.
2. Көкшетау кислородпен демалдыру аппараттар зауыты.
3. Степногор подшипник зауыты.
4. Тараз «Қосалқы бөлшек» зауыты.
5. Тараз «Коммунмаш» зауыты.
6. Орал механикалық зауыты.
7. Орал құрылыс жол жабдықтар зауыты.
8. Қостанай дизелді двигатель зауыты.
9. Петропавл азлитражды двигатель зауыты.
10. Жусалы механика зауыты.
11. Қызылорда қағаз- картон комбинаты.

Бақылау сұрақтары:

1. Машина жасау өнеркәсібінің құрамына кіретін өндіріс салалары.
2. Машина жасау өнеркәсібінің жекеленген сала тобының басты қолданылу мүмкіншілігі.
3. Қазақстан машина жасау өнеркәсібінің аймақтық құрылымы саласында қандай тенденциялық өзгерістер бар?
4. Машина жасау саласының орналасуы мен дамуына негізгі әсер етуші факторлар.
5. Қазақстан машина жасау өнеркәсібінің саласы, аймақтық құрылымын қарастыру және оны меңгеру.
6. Қазақстан машина жасау өнеркәсіп саласы аймақтық құрылымының басты белгілерін, саланың аймақтық даму деңгейін, келешекте дамуының негізгі тенденцияларын, оның салалық және территориялық құрылымын айқындау.

Әдебиеттер

1. Вайнер И.Я. Значение газовой и нефтяной промышленности М. «Недра», 1997
2. Ердаuletов С.Р. Учебное пособие по курсу «Экономическая и социальная география Казахстана» Алматы, Қазақ университеті., 2011
3. Плоткин М.Р. Основы индустриального производства, М, В. Ш. 2014г
4. Хрущев А.Т. География промышленности, М, Мысль 2017г
5. Ахмедова К. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы, «Рауан», 2014 ж

Практикалық жұмыс №6

Тақырыбы: Қазақстанның химия өнеркәсібі

Жұмыстың мақсаты: Химия өнеркәсібінің республика шаруашылығындағы орны. Салалық құрамы, шикізат базасы, кәсіпорындарының орналасу ерекшелігі. Қазіргі даму жайы және болашағын анықтау.

Практикалық жұмыстың мазмұны: Қазақстан халық шаруашылығының ең жас саласы- химия кешені болып табылады. Химия өнеркәсібі келешегі мол, өнеркәсіптің басқа салаларымен тығыз байланыс орнататын, шаруашылықтың салаларын әртүрлі шикізат, жартылай фабрикат және дайын химиялық өнімдермен қамтамасыз ететін сала. Оның басқа салалармен байланысы соңғы кездері байқала бастады. Себебі, күнделікті өмірдің барлық бағыттарында химия өнеркәсібінің өнімдері болып табылатын резина, пластмасса, синтетикалық каучук, жасанды талшықтар көптеп қолданылып келеді.

Химия өнеркәсібінің дамуына республикада зерттеліп, барланған кен-химия шикізаттары мен химиялық тұздар өз ықпалын тигізіп отыр. Сонымен бірге химия өнеркәсібінің басқа салалардан ерекшелігі, ол кейбір шикізат түрлерін ауыр өнеркәсіп салаларына қарағанда жүздеген, мыңдаған есе көп қолданады, мысалы, су ресурстарын және кокстелген көмірді.

Өтілу түрі: танымдық және картографиялық сызба әдісі

Тапсырма:

1. Кескін картаға ҚР химия өнеркәсібінің орталықтарын белгілеу;
2. Кескін картаға химиялық шикізаттардың кен орындары мен оларды өндіру орталықтарын көрсетіңдер;
3. Химиялық шикізаттардың номенклатуралық атауларын жаттаңдар:

Металл емес қазбалар:

I Барит

Химия және мұнай өнеркәсіптерінің бағалы шикізаты болып табылатын Қазақстан бариті өзінің қоры жағынан ТМД елдерінде бірінші орын алады, ал оның қойнауында бүкіл ТМД елдеріндегі қордың жартысынан астамы шоғырланған.

- 1.1. Жеке барит кен орны: Жалайыр, Қарағанды облысы.
- 1.2. Кешенді полиметалл кен орындары: Мырғалымсай, Қарағайлы, Бестөбе

II Фосфориттер

- 2.1. Қаратау фосфорит бассейні: Жаңатас, Көкжон, Ақсай, Ақжар, Үшбас, Шолақтау, Түйесай.
- 2.2. Ақтөбе фосфорит бассейні: Богданов, Қандыпғаш, Көктөбе, Шиелісай.

III Асбест

Жетіқара, Ешкіөлмес, Тектұрмас, Қумола және Үшбұлақ

IV Калий тұзы

Жылан кен орны (Ақтөбенің жанында)
Индер кен орны, Қарабұғаз көл, Индер көлі, Күшік көлі.

V Ас тұзы

Арал сульфат, Ащыкөл, Теріскен, Тұзкөл.

VI Химия өнеркәсібі

- Негізгі химия; 1. ӨБ «Қаратау» Жаңатас қаласы
2. Тараз суперфосфат зауыты
 3. Тараз қос- суперфосфат зауыты.
 4. Тараз фосфат зауыты.
 5. Шымкент фосфор- тұзды зауыт.
 6. Павлодар химия комбинаты.
 7. Ақтөбе химия комбинаты (Алға қаласы).
 8. Ақтөбе хром- қосындылары зауыты.
 9. Ақтау азот зауыты.

Органикалық синтез химиясы: 1. Қарағанды Синтетикалық каучук зауыты (Темір тау қаласы). 2. Қарағанды резина-техникалық бұйымдар зауыты (Саран қаласы). 3. Атырау химия зауыты.

4. Ақтау пластмасса зауыты.
5. Қостанай химиялық талшықтар комбинаты.
6. Өскемен жібек- маталар комбинаты.
7. Шахтинск синтетикалық жуғыш құралдар зауыты.
8. Орал химия- фармацевтикалық зауыты.
9. Шымкент химия- фармацевтикалық зауыты.
10. Алматы-химия- фармацевтикалық зауыты.

Бақылау сұрақтары:

1. Химия өнеркәсібінің құрамына кіретін өндіріс салалары.
2. Химия өнеркәсібінің жекеленген сала тобының басты қолданылу мүмкіншілігі.
3. Қазақстан химия өнеркәсібінің аймақтық құрылымы саласында қандай тенденциялық өзгерістер бар?
4. Органикалық синтез- химия саласының орналасуы мен дамуына негізгі әсер етуші факторлар, органикалық синтез химиясының даму орталықтары.

5. Қазақстан химия өнеркәсібінің саласы, аймақтық құрылымын қарастыру және оны меңгеру.
6. Қазақстан химия өнеркәсіп саласы аймақтық құрылымының басты белгілерін, саланың аймақтық даму деңгейін, келешекте дамуының негізгі тенденцияларын, оның салалық және территориялық құрылымын айқындау.
7. Химия өнеркәсібінің әртүрлі саласында қолданылған шикізаттардың жіктелу кестесін құру.
8. Химия өнеркәсібі салаларының орналасуы мен дамуының төмендегі факторларға тәуелділігінің кестесін құру:
9. а) отын; б) шикізат; в) су; г) тұтыну; д) көлік; е) экологиялық; з) еңбек ресурстары; ж) территориялық.

Әдебиеттер

1. Ердаuletov C.P. Учебное пособие по курсу «Экономическая и социальная география Казахстана» Алматы, Қазақ университеті., 2011
2. Плоткин М.Р. Основы индустриального производства ,М, В. Ш. 2014г
3. Хрущев А.Т. География промышленности, М, Мысль 2017г
4. Ахмедова К. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы, «Рауан», 2014 ж

Практикалық жұмыс №7

Тақырыбы: Қазақстанның жеңіл және тамақ өнеркәсібі

Жұмыстың мақсаты: ауыл шаруашылық шикізаттарын өңдеп, агроөнеркәсіп кешендерінің соңғы өнімдерін шығаратын өнеркәсіп кәсіпорындарының орналасу ерекшеліктері: Қазіргі даму жайы, оның қиындықтары

Практикалық жұмыстың мазмұны: Жеңіл және тамақ өнеркәсібі басқа салаларға қарағанда ауыл шаруашылығымен көбірек байланысты. Ол ауыл шаруашылығынан шикізат ала отырып, мал шаруашылығына өзінің қалдықтарын беріп отырады. Сонымен бірге электр энергетика, машина жасау, ағаш өнеркәсібі мен сала аралық байланыс орнатады. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің салалық құрамы, өнеркәсіп орындарының орналасу ерекшеліктері және маңызы.

Өтілу түрі: пікірталас және картографиялық сызба әдісі

Тапсырма:

1. Кескін картаға жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің өндірістік орталықтарын түсіріп, олардың шикізат қорына баға беру;
2. Тамақ өнеркәсібінің жеке салаларының орналасуы мен даму ерекшеліктеріне баға беру;
3. Төмендегі номенклатуралық атауларды жаттаңдар:

Тамақ өнеркәсібі

Ірі ет комбинаттары: Семей, Алматы, Петропавл, Қарағанды, Астана, Қостанай, Ақтөбе, Шымкент, Орал, Тараз.

Ірі сүт комбинаттары: Павлодар, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Семей, Өскемен.

Ірі ұн шығару комбинаттары: Алматы, Қарағанды, Астана, Өскемен, Қостанай, Семей, Петропавл.

Қант шығару: Тараз, Шу, Ойтал, Боралдай, Қарабұлақ, Кировский.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанның жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің шикізат қорына баға беру.
